

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
Қоғамдық кеңесі отырысының
№ 102 хаттамасы**

2019 жылғы «2» мамыр
сағ. 16:00, № 1132 каб.

Төрағалық еткен:

Н.М. Петухова – ҚР ДСМ Қоғамдық кеңесінің төрайымы, «Еуразиялық медициналық қауымдастық» қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігінің вице-президенті.

Қатысқандар: тізім бойынша (қоса беріледі).

**Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігінің Қоғамдық кеңесінің отырысы**
(Қоғамдық кеңес мүшелері, ҚР ДСМ құрылымдық бөлімшелерінің,
ведомстволарының, ведомстволық бағынысты ұйымдарының
басшылары)

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 211-VI Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы.

Шешім қабылданды:

1.1. ҚР ДСМ Фармация комитетінің төрайымы Л.В. Бюрабекованың ақпараты назарға алынсын.

ҚР ДСМ Фармация комитетінің төрайымы (Л.В. Бюрабекова):

1.2. Қазақстан Республикасының дәрілік заттардың айналымы мәселелері бойынша Заңын іске асыру үшін НҚА қабылдауын қамтамасыз етсін.

Орындау мерзімі: 2019 - 2020 жылдар

1.3. Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алуға шекті бағалар бекітілсін.

Орындау мерзімі: 2019 жылғы маусым

1.4. Денсаулық сақтау басқармаларымен таблетка нысанындағы морфинді сатып алу бойынша жағдайды талқыласын.

Орындау мерзімі: 2019 жылғы маусым

2. Медициналық-санитариялық алғашқы көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру жөніндегі шаралар туралы.

Шешім қабылданды:

2.1. Медициналық көмекті ұйымдастыру департаментінің директоры А.Н. Хорошаштың ақпараты назарға алынсын.

Ғылым және адами ресурстар департаменті директорының міндетін атқарушысы (С.И. Сыдықова):

2.2. Жас мамандардың ЖОО-ны бітіргеннен кейін жеке клиникаларда жұмыспен өтеуіне қатысты мәселені пысықтасын.

Орындау мерзімі: 2019 жылғы желтоқсан

2.3. ЖОО-ны бітіргеннен кейін жас мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету бойынша шаралар күшейтсін.

Орындау мерзімі: 2019 жылғы желтоқсан

3. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің жаңа моделін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің тізбесін қарау.

Шешім қабылданды:

3.1. МӘМС үйлестіру департаментінің директоры А.Қ. Өміртаевтың ақпараты назарға алынсын.

МӘМС үйлестіру департаментінің директоры (А.Қ. Өміртаев):

3.2. «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2136 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» және «Әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің тізбесін бекіту туралы» ҚР Үкіметі қаулыларының жобаларын қабылдау бойынша жұмысты одан әрі жалғастырсын.

Орындау мерзімі: 2019 жылғы маусым

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық кеңестің мүшелері:

4.1. ҚР ДСМ Қоғамдық кеңесінің отырысында «Денсаулық» Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобасын қарасын.

Орындау мерзімі: 2019 жылғы 3 тоқсан

4.2. «Денсаулық» Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік

бағдарламасының мониторинг шеңберінде ауыл тұрғындарына көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігі мәселелері бойынша ҚР ДСМ Қоғамдық кеңес мүшелерінің өңірлерге шығуын ұйымдастырсын.

Орындау мерзімі: 2019 жылғы 3 тоқсан

**Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Қоғамдық кеңесінің төрайымы**



Н. Петухова

Хатшы



Г. Құспекова